Бекітемін
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
Халықаралық ынтымақтастық
департаментінің бастығы
полковник О. Хұсайынов
2025 ж. «21» 02

Кәдесый өнімдерін сатып алу бойынша сатып алу және өнім берушіні таңдау тәсілдеріне негіздеме («Сардар» суреті, «Бөгенбай батыр» сәндік панносы, «Серіктес» іскерлік-аксессуарлар жиынтығы, «Бәйтерек» сәндік табақшасы, «Барыс» ерлер қол сағаты, ҚР Қарулы Күштерінің символикасы бар дөңгелек пішінді 3 медальдан тұратын жиынтық, «Жеті қазына» қабырға панносы, «Қазақстан» қабырға панносы, «Ұлы Жібек жолы» ойын жиынтығы, «Бозінген» сәндік қобдишасы, «Тәуелсіздік монументі» мүсіні, «Күйші ару» мүсіні, үстел панносы, қара түсті қалам мен блокнот жинағы, ҚР ҚМ символикасы бар медаль)

Атауы: кәдесый өнімдері («Сардар» суреті, «Бөгенбай батыр» сәндік панносы, «Серіктес» іскерлік-аксессуарлар жиынтығы, «Бәйтерек» сәндік табақшасы, «Барыс» ерлер қол сағаты, ҚР Қарулы Күштерінің символикасы бар дөңгелек пішінді 3 медальдан тұратын жиынтық, «Жеті қазына» сәндік табақшасы, «Қазақстан» қабырға панносы, «Ұлы Жібек жолы» ойын жиынтығы, «Бозінген» сәндік қобдишасы, «Тәуелсіздік монументі» мүсіні, «Күйші ару» мүсіні, үстел панносы, қара түсті қалам мен блокнот жинағы, ҚР ҚМ символикасы бар медаль).

«ҚР ҚК жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету» 047-бюджеттік бағдарламасының «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру» 100-бюджеттік кіші бағдарламасының «Өзге де шығындар» 169-ерекшелігі бойынша.

Ұсынылатын сатып алу тәсілі: «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 16) тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден.

Мемлекеттік сатып алуларды басқа тәсілдермен жүзеге асырудың негіздемесі:

2025 жылғы 22 қаңтарда үнемдеуді қайта бөлу іс-шаралар арасында және қаражатты қайта бөлу бойынша өткен ҚР ҚМ Бюджеттік комиссиясы отырысының 2025 ж. 24.01. № 16/3-338 ҚБП хаттамасына сәйкес халықаралық. салтанатты және ресми іс-шаралар, бірлескен оқу-жаттығулар, отырыстар, конференциялар, шетел делегацияларын қабылдау кезінде семинарлар өткізу үшін кәдесый өнімдерін сатып алуға («Сардар» суреті, «Бөгенбай батыр» сәндік панносы, «Серіктес» іскерлік-аксессуарлар жиынтығы, «Бәйтерек» сәндік табақшасы, «Барыс» ерлер қол сағаты, ҚР Қарулы Күштерінің символикасы бар дөңгелек пішінді 3 медальдан тұратын жиынтығы, «Жеті қазына» сәндік

табақшасы, «Қазақстан» қабырға панносы, «Ұлы Жібек жолы» ойын жиынтығы, «Бозінген» сәндік қобдишасы, «Тәуелсіздік монументі» мүсіні, «Күйші ару» мүсіні, үстел панносы, қара түсті қалам мен блокнот жинағы, ҚР ҚМ символикасы бар медаль) ақша қаражаты бөлінді.

Іс-шаралар өткізу бағдарламасын жасаған кезде кәдесыйлармен алмасу қарастырылады, оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің символикасы бар арнайы футлярлармен көркемдеу (орау) қажет.

2024 ж. 01.07. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы № 106-VIII ҚРЗ Заңына өзгерістер енгізілуіне байланысты жақын кезеңде жоспарланған халықаралық әскери ынтымақтастық іс-шараларының ұйымдастырылуы мен өткізілуі орындалмай қалуын болдырмау мақсатында кәдесый өнімдерін сатып алудың анағұрлым тиімді және мақсатқа сәйкес тәлісі Заңының 16-бабы 3-тармағының 16) тармақшасында.

Конкурстық рәсімдерді өткізу мерзімдерін *(шамамен 30 күнтізбелік күн)* ескере отырып, халықаралық әскери ынтымақтастық іс-шараларын өкілдік тауарлармен қамтамасыз етілуінің бұзылуына әкелу тәуекелі бар. Осыған байланысты аталған сатып алуды тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

<u>Анықтама:</u> іс-шаралар елді әлемдік аренада ұсынған кезде көрсеткіш болып табылады.

<u>Өнім берушіні таңдау негіздемесі.</u>

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алулар осы Заңның 5-бабының 1-тармағаның 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты яғни, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау сақтала отырып, жүзеге асырылады.

ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаментінің (бұдан әрі – Департамент) атына мынадай әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстары ұсынылды: «EMPIRE KAZAKHSTAN» ЖК, «Астана Инерт Плюс» ЖШС, «Shanyrak Collection» ЖК.

Ұсынымдар берген заңды тұлғалардың ішінде «EMPIRE KAZAKHSTAN» ЖК 10 жылдан астам уақыт ішінде ұлттық кәдесыйлар мен сыйлықтық өкілдік өнімдер нарығында сенімді және адал жеткізуші ретінде қаралады.

Жыл сайын өнімдер каталогы жаңа тауарлармен толықтырылып отырады. Өнімдердің қазіргі заманғы технологиялары заттардың миниатюраларын және қазақ халқының ежелгі кезеңіндегі символдарын жасауға жол береді. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы ресми символикасын жасай (пайдалана) отырып, сапалы өнімдердің вариациясын кеңінен таңдау мүмкіндігі ұсынылады.

Жасалған талдаулардың негізінде техникалық ерекшеліктердің негізінде құрылған «EMPIRE KAZAKHSTAN» ЖК ұсынған баға ұсынысы неғұрлым оңтайлы болып табылады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі 5 жылдан астам кәдесый өнімдерін «EMPIRE KAZAKHSTAN» ЖК-дан сатып алады.

Жұмыс жасаған кезеңде Жеткізуші жеткізу бойынша орындалмауға жол бермеді. Күтпеген жағдайлар туындаған кезде міндеттемелерді орындау мәселесі сот органдарына жүгінбестен компромисс негізінде шешіледі.

Көрсетілген жеткізуше ҚР-ның басқа да мемлекеттік органдарымен ынтымақтастықты жүзеге асыратынын атап өтуге болады.

Бағаны негіздеу.

Кәдесый өнімдерінің құны Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтай отырып, «EMPIRE KAZAKHSTAN» ЖК қолда бар баға ұсынысына сәйкес айқындалған.

ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаменті
Сыртқы байланыстар және протокол басқармасының бастығы
подполковник А. Кулахметов

ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаментінің
Сырткы байланыс және протокол басқармасының бағыт аға офицері
капитан Ф. Ахметова

ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаментінің
сыртқы байланыс және протокол басқармасының аға офицері
капитан Б.Рамазанов